

Жобалап оқыту технологиясының оқушылар мен мұғалімдерге тиімділігі



Орындаған: Батырхан Қымбат


Тобы: ПО 17 -1

- **Жобалау** – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу. Демек, жобалап оқыту технологиясын қолданып, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол.

Жобалап оқыту технологиясының негізін салушы Карл Фрей өзінің “Жобалау әдісі” атты кітабында (Бельц қаласы, Германия, 1977 ж.) жобалау әдісі туралы былай түсіндіреді:

Оқушылардан болсын немесе оқытушы тарапынан болсын практикалық маңызы бар бір жоба (проект) ұсынылуы тиіс.

Жобаға қатысушылар оқыту түрі, міндеттерді атқару туралы өзара келіседі. Оқушылар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуге пайдаланады. Жеткіліксіз білімді әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше оқып үйренеді. Оқушылар ұжымда жұмыс істеп үйренеді. Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) меңгереді. Оқушылардың жүйелі ойлауы дамиды.



Жобалау технологиясының ерекшеліктері:

- Жобалау технологиясы *желілік түрде* ұйымдастыруды қажет етеді. Өйткені, педагогикалық мақсат қою, мотивациялар мен құндылықтық ұстанымдарында қалыптасқан түсініктерді өзгерту қатысушылардың іс – әрекет дағдыларын өзгертуден басталады. Ол үшін барлық дербес және ұжыммен орындалатын қызметтердегі әркімнің өзіндік дамуы мен ұжым дамуындағы ортақ мүдделерді айқындап, тиімді әрекеттерге жетелейтін жағдайды қалыптастыру қажет болды.
- Жобалау әр адамның ұжымдағы ролі мен жауапкершілігін арттыруды көздейтін болғандықтан, иерархиялық – жоғарыдан төмен қарай басқару жүйесінің орнына жобалық командаларға негізделген өзара желілік байланыста болатын шағын топтар құрылды. Соған орай, бұрынғы құрылымдағы басқарудың негізгі құралы – қатаң бақылаудың орнына педагогикалық қызметкерлердің өзіндік тәртіпке, тапсырылған істі орындауға деген мотивациялық - стимулдық орта тудырылды. Қатаң бақылау мен әкімшілік әрекеттер қолдау көрсету, бірлесе орындау, нәтижені өзіндік бағалау әрекеттерімен ауыстырылады.

Жобалаудың басталуынан аяқталғанға дейінгі біртұтас технологиясы төмендегі кезеңдер мен іс–шараларды қамтиды:

Бастапқы кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау объектісінің қазіргі жағдайын талдау, диагностикалау, бағалау: орын алып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау; осы бағыттағы ғылыми –зерттеулерді талдау; проблеманы теориялық негіздеу; жобаны ресурстармен қамтамасыз ету. Бұл кезеңнің нәтижесі – жобалаудың қажеттігін анықтау, оны ақпараттық – материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, тиісті жағдайлар туғызу.

Негізгі кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау мақсатын айқындау; мақсатқа қол жеткізетін жолдарды болжау; жобаның шектелу аясын белгілеу; жобалау идеясын тұжырымдау, немесе, тұжырымдамасы; жобаның тұтас бағдарламасын, жоспарын жасау; бақылау түрлерін анықтау. Екінші кезеңнің нәтижесі – объектінің құжаттық жобасын жасау, олар: тұжырымдамасы, моделі, бағдарламасы, жоспары.

Жүзеге асыру кезеңі. Бұл кезеңде жобаны жүзеге асыру жолдары, оны байқаудан өткізу орындалады. Нәтижесі –жүйенің жаңа сапаға өткенлігін назарға алу.

Қорытынды кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобаны және оны эксперименттік байқаудың сапалық нәтижелерін бағалау; жобаның тиімділігін тәуелсіз эксперттердің бағалауы; пайда болған проблемаларға сыни рефлексия жасау; жобаның нәтижелерін қорытындылау, түзетулер енгізу. Бұл кезеңнің нәтижесінде жобаға қажетті өзгерістер ендіріледі.

Жобалау технологиясына қандай талаптар қойылады?



Жобаның икемділігі



Жобаның күтілген нәтижеге әкелуі



Өзгерістің тиімділігі



Жоба барысында болуы мүмкін қолайсыздықтарды есепке алу




өзгерістер жасау мүмкіндігін қарастыру.

Бұл талаптардың қажеттілігі неде?

шешілуі қажет
проблемалардың
негізінен стандарттық
қалыптан өзгеше болуы.

педагогтар мен білім
алушылардың
шығармашылық әлеуетін
желілік сипатта нығайту
қажеттігінің тууы;


шешуін қажет ететін
проблемалардың негізінен
пәнаралық және
интегративтік сипатта
болуы;



Олардың қажеттігі
мынадай факторлармен
айқындалады:

жобаның матрицалық
құрылымы;

жұмыс барысының
уақытшалық сипаты;



Жобалау алды зерттеу кезеңі қандай?

Талдау пәніне қарастырылатын педагогикалық жүйенің, ішкі сипаттамалары: құрылымы, қызметі, байланыстары, ішкі және сыртқы ортаға қатысты сипаттамалары жатады. Бұл жұмыстардың барлығы *жобалау алды зерттеу кезеңін* құрайды.

Бұнда *бастапқы* кезең талаптарына сай жобалау жұмысы кіші жүйе құрылымының өкілдерінен құрылған шығармашылық топтар құрудан басталып, педагогикалық ұжымды инновациялық дамытуды жобалау алды зерттеулер мен қалыптасқан жағдайды талдау негізінде жұмыстың қажеттігін анықтап, жобаның тұжырымдамасын құрастырды.



**Назарларыңызға
рахмет!**

Әдебиеттер:

- Полат Е.С. Білім саласындағы жаңашыл мұғалімдердің ақпараттық технологиялары. «Академия», 1999 ж.
- Әбиев Ж, Құдиярова, Бабаев Педагогика «Нұрлы әлем»
- Секербекқызы С.Р. Жобалау және кейс технологиясы. «Ұстаз үні».2007ж.
- Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003